

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 1 маусымдағы № 104 "Абай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 21 қаңтардағы № 9 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 417-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Абай облысы әкімдігінің "Абай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған орындарды белгілеу туралы" 2023 жылғы 1 маусымдағы № 104 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 89-18 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес, жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл

бассейндік инспекциясы" РММ-нің басшысы

_____ С. Мейрамбеков

2024 жылғы " _____ " _____

"Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және ирригация
министрлігі Су ресурстары комитетінің
Су ресурстарын пайдалануды реттеу
және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік
инспекциясы" РММ-нің басшысы

_____ М. Жәдігер ұлы
2024 жылғы " _____ " _____

Қазақстан Республикасы
Экология және табиғи ресурстар
министрлігінің Абай облысы бойынша
экология департаментінің басшысы

_____ С. Сарбасов
2024 жылғы " _____ " _____

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
комитетінің Абай облысы бойынша
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
департаментінің басшысының м.а.

_____ А. Тоқтабаева
2024 жылғы " _____ " _____

Абай облысы әкімдігінің
2025 жылғы 21 қаңтардағы
№ 9 қаулысына
қосымша
Абай облысы әкімдігінің
2023 жылғы " 1 " маусымдағы
№ 104 қаулысымен
бекітілген

Абай облысының су объектілері және су шаруашылығы құрылыстарындағы көпшіліктің демалуына, туризм және спортқа арналған орындар

№ Р/с	Су объектінің/су шаруашылығы құрылысының атауы	Жүзудің белгіленген шекараларындағы халықтың жаппай демалатын орындары	Орналасқан жері
Абай ауданы			
1.	Оспанкөл көлі	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (49017'55.95"С; 79028' 65.10"В)	Кенгірбай би ауылдық округі
Аягөз ауданы			

2.	Аягөз өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (47.94747 С, 80.41599 В)	Аягөз қаласы
Бесқарағай ауданы			
3.	"Шошқалы" көлі	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай, жүзу аймағының қоршауымен (қалқымалар, арқандар) белгіленген шекараларында (51.28049,78.69898)	Қарабас ауылдық округі
4.	Канонерка көлі	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50.723594, 79.670603)	Канонерка ауылы
5.	Ертіс өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50056.63.44С; 79059,71.22 В)	Долон ауылдық округі Долон ауылы
6.	Ертіс өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50056.63.44С; 79059,71.22 В)	Долон ауылдық округі Бөдене ауылы
7.	Ертіс өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50041.15 С; 79006,44 В)	Долон ауылдық округі Мостик ауылы
8.	Ертіс өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50029.09.11 С; 79052,50.81 В)	Долон ауылдық округі Черемушка ауылы
Бородулиха ауданы			
9.	Шұлбі су қоймасы	"Жанай" демалыс базасы "Нұрсұлтан" демалыс базасы (50°38'55"04С; 81° 12'01"34В)	Жерновка ауылдық округі, аудан орталығы Бородулиха ауылынан 65 км қашықтықта орналасқан
10.	Жерновские көлдері	"Адал компани" демалыс базасы (50.49281, 81.10660)	Жерновка ауылдық округі, аудан орталығы Бородулиха ауылынан 35 км таспалы реликті бордың тереңдігінде орналасқан

11.	Михайловские көлдері	"Кристалл" балалардың сауықтыру лагері (50.66471, 80.67570)	Подборный ауылдық округі, Семей қаласынан 40 км қашықтықта орналасқан. "Семей Орманы" мемлекеттік орман табиғи резерватының аумағында
12.	Большое көлі	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50076'50.73"С; 80094'58.92"В)	Бородулиха ауылы
13.	Ертіс өзенінің оң жағалауы Шүлбі су қоймасы	"Шығыстүстімет" демалыс орыны (50.398123, 81.102654)	Бородулиха ауылы
Жарма ауданы			
14.	Арасан көлі	"Жарма Арасан" сауықтыру орталығы (49.26444,81.74206)	Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылынан 12 км солтүстік-шығысқа қарай
15.	Шар су қоймасы	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай, жүзу аймағының қоршауымен (қалқымалар, арқандар) белгіленген шекараларында (49°14'26"N; 81°48'22"E)	Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылынан 18 км оң түстік шығысқа қарай
Мақаншы ауданы			
16.	Алакөл көлі	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай, жүзу аймағының қоршауымен (қалқымалар, арқандар) белгіленген шекараларында (46°07'28.03"С; 82°03'25.23"В) (46°06'87.93"С; 82°03'39.65"В)	Қабанбай ауылдық округі
Семей қаласы			
17.	Ертіс өзені	"Заря" коммуналдық жағажайы, жүзу аймағының қоршауымен (қалқымалар, арқандар) белгіленген шекараларында (50°383777,80°254869)	Понтон көпірінің сол жағалауы, Мелькомбинат ауданы

18.	Ертіс өзені	"Пристань" коммуналдық жағажайы, жүзу аймағының қоршауымен (қалқымалар, аркандар) белгіленген шекараларында (50°425027,80°218422)	Пристань ауданы
19.	Дамба	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (50.439419,80.214012)	Затон шағын ауданы
20.	Бобровка аралы	"Еркеназ" демалыс орыны (50.459392,80.196359)	Бобровка шағын ауданы
Курчатов қаласы			
21.	Ертіс өзені	№ 1 қалалық жағажай (50.759306,78.547800)	Маяк қонақ үйі ауданында
22.	Ертіс өзені	№ 2 қалалық жағажай (50.750946, 78.557102)	№ 2 ЖОББМ, № 1 ЖОББМ ауданында
23.	Ертіс өзені	№ 3 қалалық жағажай (50.721729, 78.649879)	Саяжай алабы ауданында
Көкпекті ауданы			
24.	Көкпекті өзені	Көпшіліктің демалуы үшін пайдаланылатын жағажай (48.762731,82.378569)	Көкпекті ауданы